

САБАҚҚА АНЫҚТАМА

2023-2024 оқу жылындағы үйірмедегі атқарған жұмыстар

Тақырыбы: Мата бетіне көркемдеп кесте тігу өнері

23.10.2023жылы Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде «Қол өнер» үйірмесінде Мата бетіне көркемдеп кесте тігу өнері тақырыбында 6 сыныптар арасында сабақ өткізілді

Мақсаты: Оқушыларға кесте тігу өнері туралы түсінік беру; Кесте түрлерін, тігіс әдістерін меңгерту;

Шығармашылық қабілетін дамыту, қол еңбегіне қызығушылығын арттыру; Эстетикалық талғамын қалыптастыру.

Білімділік мақсаты: Кесте тігудің тарихы мен маңызы жөнінде білім беру;

Кестенің негізгі түрлерін, тігіс тәсілдерін үйрету; Жұмыс барысында құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалана білуге дағдыландыру.

1. Қажетті құрал-жабдықтар:

- Мата (кенеп, мата қиындысы)
- Түрлі түсті мулине жіптері
- Ине, саусақ сақинасы (наперсток), қайшы
- Сызба-үлгілер (қағазға салынған оюлар)
- Қарапайым кесте схемасы

2. Бағалау критерийлері:

- Құралдарды дұрыс пайдалану
- Тігіс дәлдігі мен ұқыптылығы
- Түстерді үйлестіре білу
- Тапсырманы уақытында орындау
- Жұмыс орнын таза ұстау

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар кесте тігу техникасын меңгеріп, қарапайым ұлттық немесе заманауи өрнек элементін тіге алады. Қол еңбегіне деген қызығушылығы мен шығармашылық қабілеті артады.



Күзгі демалыс кезінде 6-8 сынып оқушылары арасында бес асық ойынынан өткізілген жарыс туралы

Анықтама

2024 жылдың 1 қараша күні Қызылорда қаласы №197 Әбу Құдабаева атындағы қазақ орта мектебінде күзгі демалыс кезеңінде бастауыш сынып оқушылары арасында бес асық ұлттық ойыны бойынша жарыс ұйымдастырылды.

Жарыстың мақсаты:

- Оқушылардың ұлттық ойынға деген қызығушылығын арттыру
 - Қимыл-қозғалыс арқылы денсаулықты нығайту
 - Бір-біріне құрметпен қарауға, достық пен ынтымаққа тәрбиелеу
- Жарысқа 6-7 және 8 сыныптардан белсенді әрі қабілетті оқушылар іріктеліп қатысты.

Жарыстың бас төрешісі — дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Тәжиева А. Ис-шара Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнін орындаумен басталды.

Ойыншылар жеребе арқылы жұптасып, жарыс ережесіне сай кезең-кезеңімен сайысты.

Жарыс соңында жеңімпаздар 3 орынға мадақталды.

Қалған қатысушылар түрлі номинациялар бойынша алғыс хаттармен және мақтау қағаздарымен марапатталды.

Марапаттарды мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жукашов.Н табыстады.



Жарысты бастауыш сынып мұғалімдері мен дене шынықтыру пәнінің ұстаздары тамашалап, оқушыларға қолдау көрсетті.

Жарыс тартысты, қызықты әрі тәрбиелік мәні зор деңгейде өтті.

Жарысты ұйымдастырып өткізген:

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Тәжиева А.

2023-2024 оқу жылы



**2023-2024 оқу жылының 6-7 сынып қыз балаларына арналған
«Шебер қолдар» ақысыз үйірмесінің жұмысына**

АНЫҚТАМА

Үйірме жоспары аптасына 1 сағаттан, оқу жылына 34 сағатты қамтыды. Үйірмеге 7-8 сынып қыз балалары арасынан икемділігі бар қыздар және тәуекел топ оқушылары қамтылды. 1-тоқсанда жоспар бойынша фетр матасынан әр түрлі үлгідегі ұйтұмарлар жасалды. Ұйтұмар жасау барысында қыздар ұлттық ою-өрнек түрлерімен танысып қана қоймай ұйтұмарда қолданылу ерекшеліктерін меңгерді. Сонымен қатар бір-бірінің жұмысына баға беріп, сын-пікірлерін айта білді.



2-тоқсанда оқушылар фоамиран материалынан түрлі паннолар жасады. Әр түрлі гүлдер жасап, композициялық шешімін тауып, өз қиялдарына ерік бере білді. Түс таңдау, фонға үйлестіру арқылы жаңа идеяларын дамытты. Жұмыстың барлық кезеңінде ҚТЕ сақталып отырды.



3-тоқсанда Жапон елінің өнері кинусайга техникасымен жұмыс жасады. Онда құрылыс материалы пеноплекс қалдықтарынан және мата қалдықтарынан өнер туындыларын жасап, шабытына шабыт қосты. 7-сынып оқушысы Серікбай Ұлдана ерекше қызығушылығыңың арқасында «Зерде»

ғылыми жобасынан «Кинусайга техникасы» тақырыбында жоба қорғап, қалалық кезеңнен II орын иеленді.



4-тоқсанда оқушылар жыл бойы жасаған жұмыстарын сәндеп, безендіріп, рамкалап көрмеге дайындады. Оқу жылының соңында үйірме оқушыларының жасаған бұйымдарынан көрме ұйымдастырылып, марапатталды.



САБАҚҚА АНЫҚТАМА

2023-2024 оқу жылындағы үйірмедегі атқарған жұмыстар

Тақырыбы: «Тегістеу және жону жұмыстарымен танысу»

23.10.2023жылы Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде «Ағаш өңдеу» үйірмесінде : «Тегістеу және жону жұмыстарымен танысу» тақырыбында 6 сыныптар арасында сабақ өткізілді

Мақсаты:; "Ағаш өңдеу" үйірмесінің мақсаты – оқушыларға ағаш материалдарымен жұмыс істеу дағдыларын меңгерту, қол еңбегін бағалауға үйрету, шығармашылық ойлауын, техникалық қабілеттерін дамыту.

Шығармашылық қабілетін дамыту, қол еңбегіне қызығушылығын арттыру;Эстетикалық талғамын қалыптастыру.

Білімділік мақсаты: Ағаштан жасалған бұйымның арнаулы өңдеуден өткізіп кәдеге жарату жолдары.
Дайындалатын заттың бетін тегістеу, оймыштап бедер салу, бояу ағаш бетін қыздырылған металлмен қару, біздің ұшымен қарып өрнек, жазу түсіру, т.б. тәсілдер жатады.

1. Қажетті құрал-жабдықтар:

- Жоңылған ағаштар;
- Түрлі ойғыш құралдар;
- Қашау,ағаш балға,сызғыш,қалам , қайшы
- Сызба-үлгілер (қағазға салынған өрнектер)
- Қарапайым үлгі схемасы

2.Бағалау критерийлері:

- Құралдарды дұрыс пайдалану
- Қауіпсіздік ережесін сақтау
- Ағаштарды дұрыс ою
- Тапсырманы уақытында орындау
- Жұмыс орнын таза ұстау

Күтілетін нәтиже:

Үйірме барысында оқушылар келесі бағыттар бойынша білім мен тәжірибе алады:

- Ағаш түрлерін тану және іріктеу;
 - Қарапайым ағаш өңдеу құралдарымен жұмыс істеу;
 - Жобалау және сызба бойынша бұйым жасау;
 - Еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелерін сақтау.
- Оқушылар ағаш өңдеу барысында шеберлігін арттырады, қол еңбегіне деген қызығушылығы мен шығармашылық қабілеті артады.

